

**Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»
ММ «Жамбыл жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің №6 педагогикалық
кеңесінің хаттамасы**

Жамбыл ауылы

22 мамыр 2025 жыл
«Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебі»КММ-нің қызметіне өзін-өзі бағалау
жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапалы қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 23 қазанында бекітілген білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестAUDAN өтетін кестесі,Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірлігінің Білім саласында сапалы қамтамасыз ету комитетенің 2022 жылғы 27желтоқсан №12 бұйрығына қосымша «Білім беруұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» және 2025 жылғы 22 мамыр күні өткізілген №6 педкеңестің хаттамасының шешімі негізінде

Күн тәртібі

1. «Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебі»КММ-нің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу туралы

Мектеп директоры: Бахманова Г.Ш.

ТЫНДАЛДЫ:

Бахманова Г.Ш. - мектеп директоры

Ағымдағы оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапалы қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 23 қазанында бекітілген білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестAUDAN өтетін кестесіне сәйкес мектебіміз кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өтеді.

Осы орайда мектеп ұжымының алдына қойылатын басты міндет- мектептің атқарылып жатқан қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу болады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» № 473 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» әдістемелік ұсынымына сәйкес, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындарындағы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізіледі. Осыған орай мектепте өзін-өзі бағалауды жүргізуге мектеп қызметкерлерінен комиссия құрылады. Комиссия мүшелерін белгілеп,өзін-өзі бағалауды 2025 жылдың 2 маусым мен 30 маусым аралығында өткізуді ұсынамын.

Бекітілген комиссия мүшелерінің құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының талаптарының сәйкес тәрбие жұмысын іске асыру, сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру, бейінді оқытуды іске асыру өлшемшарттары бойынша зерделеу жүргізеді.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

I. Истлеуова А.С.- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Мектепте өзін өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1,2 параграфтарының нақты бағыттары негізінде МАД тобында және 1-11 сыныптарындағы оқу тәрбие жұмыстары бойынша жүргізіледі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының іске асырылуы;

2. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптары;

3. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көртөмендікэстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылуы мен оқу мерзіміне қойылатын талаптары;

4. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптары;

5. Бағалау өлшемшарттарында берілген 10-18-қосымшалар бойынша педагогтердің бейіні бойынша дипломдары, біліктілік санаттары, мектептің материалдық базасы;

Аталған бұйрықтың 1-2 параграф өлшемшарттары талаптарына сәйкес 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы мектептің оқу тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарлары, жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелерінің ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі зерделенеді.

Сонымен қатар ұжым мүшелері 4,9 кластардан оқыту нәтижелерін анықтау мақсатында офлайн форматында алынған тест нәтижелерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы талаптарына сәйкестіктігімен таныстырылды.

I. Мұханова Д.Т.- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2- қосымша 2-тарау 25 - тармағы, 3- қосымша 4-тарау 56-тармағы, 4-қосымша 4-тарау 50-тармағы бойынша «Kundelik.kz», «Білім класс» электронды журналдары арқылы күнтізбелік-

тақырыптық жоспарлары зерделенеді. Мамыр айында мектеп бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, білім алушылардың білім беру қызметінің дайындық деңгейіне, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдайды анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Комиссия мүшелеріне Маленкина Г.А.-мектеп психологы, Азирбаева Т.А.-қоғамдық пәндер бірлестігі жетекшісі, Бирманов А.К.-кәсіподақ ұйымының төрағасы, Кадиров М.М.-физика пәнінің мұғалімі, жаратылыстану пәндер бірлестігі жетекшісін ұсынуға болады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығына сәйкес

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. «Жамбыл жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне комиссия құрылып, мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізілсін.

2.«Жамбыл жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзі-өзі бағалау жүргізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

- 1.Бахманова Г.Ш- мектеп директоры, комиссия төрағасы
- 2.Истлеуова А.С- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
- 3.Муканова Д.Т.- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
- 4.Маленкина Г.А.-мектеп психологы
5. Азирбаева Т.А.-қоғамдық пәндер бірлестігі жетекшісі
- 6.Бирманов А.К.-кәсіподақ ұйымының төрағасы
7. Кадиров М.М.-физика пәнінің мұғалімі,жаратылыстану пәндер бірлестігі жетекшісі

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне сәйкес бағалау басшылыққа алынсын.

4. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша мәлімет ұжым мүшелеріне жеткізіліп, қамқоршылық кеңесінің алдында есебі берілсін.

5. Өзін-өзі бағалау қорытындысы мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Педагогикалық кеңесінің төрағасы
Хатшы



Бахманова Г.Ш.
Ешімбетова Ы.К.